

Сармыкова Махпал Кенжеевнаның 8D09101 - «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Бактериофагқа негізделген биологиялық препараттың технологиясын жасау және оны жылқы сақауын емдеуге қолдану» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырған 2020–2022 жылдарға арналған АР0855635 «Жылқының сақауын емдеу үшін бактериофаг алу» гранттық жобасы аясында орындалды. Зерттеу тақырыбы ветеринария және биотехнология салаларындағы ғылымның басым даму бағыттарына сәйкес келеді және жануарлардың жұқпалы ауруларын емдеудің биологиялық әдістерін әзірлеуге бағытталған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Осы зерттеуде алғаш рет <i>Streptococcus equi</i> қоздырушысына эсер ететін бактериофагтар бөлініп алынған. Олардың қасиеттері толық зерттеліп, нәтижесінде осы бактерияға қарсы эсер ететін фагтық биопрепарат жасалған. Бұл жұмыс ветеринариялық микробиология мен фаготерапия саласында жаңа мүмкіндіктер ашып, инфекциялық ауруларды емдеудің жаңа әдісін дамытуға жол ашады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Зерттеу жұмысы барысында ізденуші заманауи ғылыми зерттеу әдістерін терең меңгеріп,

		<p>2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>оларды тәжірибелік және теориялық талдау үдерістерінде тиімді қолдана алған. Диссертациялық жұмысты орындау кезінде ғылыми зерттеудің негізгі қағидаттары мен әдіснамалық негіздерін жоғары деңгейде игергені көрініс тапқан. Сонымен қатар, ғылыми ақпараттарды жүйелі талдау, нәтижелерді салыстырмалы бағалау, қорытындыларды дәлелді түрде тұжырымдау қабілеттерінің жоғары деңгейде қалыптасқаны анықталған. Ізденушінің ғылыми мәтінді сауатты құрастыру, зерттеу нәтижелерін логикалық жүйемен баяндау және академиялық стиль талаптарына сай рәсімдеу деңгейінің жоғары екендігі байқалады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Қарастырылып отырған зерттеу тақырыбы ветеринариялық ғылым саласындағы маңызды әрі өзекті бағыттардың қатарына жатады. Диссертациялық жұмыста жылқы сақауын емдеудің тиімді әдістерін әзірлеу мәселесі көтерілген, бұл қазіргі таңда антибиотиктерге төзімді микроорганизмдердің таралуына байланысты ғылыми және практикалық тұрғыдан ерекше маңызға ие. Ізденуші зерттеу бағытының өзектілігін, қажеттілігін және практикалық маңызын жеткілікті деңгейде негіздей алған.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертация мазмұны таңдалған тақырыпқа толық сәйкес келеді және оны жан-жақты айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен қойылған міндеттері тақырыпқа толық сәйкес келеді.</p>

		<p>2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Жұмыстың құрылымы мен мазмұны өзара логикалық бірізділікпен құрылған. Диссертацияда кіріспеде қойылған мақсат-міндеттерге сәйкес зерттеу жұмыстары кезек-кезеңімен жүргізіліп, алынған нәтижелер жүйелі түрде талданып, ғылыми негізделген қорытындылармен тұжырымдалған. Жалпы диссертацияның құрылымы ғылыми талаптарға сәйкес келеді және мазмұны тұтас әрі дәйекті сипатта баяндалған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер жеткілікті деңгейде негізделген және қолданыстағы тәсілдермен салыстырмалы түрде бағаланған. Жұмыста әдеби деректерге сыни талдау жүргізіліп, ұсынылған әдістердің артықшылықтары мен ерекшеліктері нақты көрсетілген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ұсынылған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жаңалығымен ерекшеленеді, олар бұрынғы зерттеулермен салыстырғанда жаңа ғылыми деректер мен шешімдерді қамтиды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста берілген қорытындылар жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне толық негізделген және ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді. Алынған деректер зерттеу бағыты бойынша жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;</p>	<p>Жұмыста ұсынылған технологиялық тәсілдер ғылыми жаңалығымен сипатталып, теориялық тұрғыдан негізделген және жүргізілген тәжірибелік зерттеулер нәтижелерімен расталған.</p>

		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолигатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде алынған негізгі қорытындылар тәжірибелік және зертханалық жұмыстардың деректеріне негізделген. Алынған нәтижелер кешенді түрде талданып, олардың негізінде ғылыми және практикалық маңызы бар тұжырымдар жасалған. Зерттеу нәтижелері докторанттың отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған мақалаларында баяндалып, жұмыстың ғылыми жаңалығы мен қолдаубалы құндылығы патентпен расталған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p>	<p>Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер толық дәлелденген және сенімді эксперименттік деректермен негізделген. Зерттеу нәтижелері жарияланған ғылыми мақалаларда көрініс тапқан, сондай-ақ алынған нәтижелер бойынша патенттік өтінімдермен рәсімделген</p>

		<p>2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	Әдіснама нақты сипатталған, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес негізделген.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	Алынған зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми әдістер мен деректерді өңдеу және талдаудың компьютерлік технологияларын пайдалану арқылы жүзеге асырылған.
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.</p>	Жүргізілген тәжірибелік зерттеулер барысында алынған деректер зерттеу барысында ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен айқындалған заңдылықтардың сенімділігін дәлелдейді.
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	Маңызды мәлімдемелер сенімді және өзекті ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын ашуға жеткілікті және өзекті дереккөздерді қамтиды.

9		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жок.	·Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар, себебі зерттеу барысында <i>Streptococcus equi</i> коздырғышының биологиялық қасиеттері мен оған қарсы бактериофагтардың әсер ету механизмдері ғылыми тұрғыдан негізделіп, жаңа теориялық тұжырымдар қалыптастырылған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жок.	Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы жоғары, себебі әзірленген фагтық биопрепаратты жылқы сақауын емдеу және алдын алу мақсатында ветеринариялық практикада қолдану мүмкіндігі дәлелденген. Сонымен қатар, биопрепаратқа арналған нормативтік-техникалық құжаттама әзірленіп, тіркеу куәлігі алынып және ол Қазақстан Республикасында ветеринариялық практикада қолдануға рұқсат етілген препараттар тізіміне енгізілген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жана емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа, себебі зерттеу аясында <i>Streptococcus equi</i> -ге қарсы телімді бактериофаг негізінде биопрепарат әзірлеу және оны қолдану бойынша ғылыми негізделген жаңа тәсілдер ұсынылған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жазу және ресімдеу сапасы жоғары деңгейде: диссертация ғылыми стильде сауатты жазылған, құрылымы жүйелі, материал логикалық бірізділікпен баяндалған. Рәсімделуі белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Жұмыс ғылыми тұрғыдан жүйелі құрылып, мазмұны жеткілікті деңгейде толық баяндалған. Зерттеу нәтижелері бірізді және нақты ұсынылған, ал диссертацияның ғылыми құндылығына елеулі әсер ететін кемшіліктер анықталған жоқ. Сонымен қатар, диссертация бойынша жекелеген ескертулер мен ұсыныстарды атап өтуге болады:

			<p>– әр бөлімнің соңындағы нәтижелерді талдауды жекелеген бөлімдерде кеңейту ұсынылады.</p> <p>– кейбір бөлімдерде ғылыми терминдердің қолданылуы бірізді емес екені байқалады;</p> <p>– мәтінде орфографиялық және стилистикалық қателіктер кездеседі.</p> <p>Аталған ескертулер рецензиялау барысында ескеріліп, диссертацияның соңғы нұсқасында негізінен түзетілген. Олар ұсынымдық сипатта болып табылады және жұмыстың ғылыми құндылығына әсер етпейді. Сонымен қатар, енгізілген түзетулер зерттеу нәтижелерінің мазмұндық сапасын арттыруға ықпал етті.</p>
12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектерінің деңгейі жоғары және диссертация мазмұнына толық сәйкес келеді. Жұмыс нәтижелері халықаралық деңгейде апробациядан өткен, оның ішінде Scopus дерекқорына кіретін рецензияланатын журналдарда (Q1, Q2) жариялануы зерттеудің ғылыми құндылығы мен өзектілігін растайды. Сонымен қатар, нәтижелер ҚР ГЖБССҚК және РФ ЖАК ұсынған басылымдарда, сондай-ақ халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарық көрген. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы алынған өнертабыс патентімен дәлелденген.</p> <p>Ізденушінің ғылыми еңбектері жоғары ғылыми деңгейде орындалған, мазмұны жағынан толыққанды және диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелерін жап-жақты ашып көрсеткен. Жарияланымдар зерттеу жұмысының өзектілігін, теориялық және практикалық маңызын айқындап, алынған нәтижелердің ғылыми құндылығын толық дәлелдей алған.</p>

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Сармыкова Махпал Кеңесовнаың «Бактериофагқа негізделген биологиялық препараттың технологиясын жасау және оны жылқы сақауын емдеуге қолдану» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысының ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Ұсынылған жұмыстың авторы 8D09101 – «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.
-----	--	--

Ресми рецензент:

«Ақынтай» ЖШС директоры, ветеринария
ғылымдарының докторы, профессор

А.Б. Бижановтың қолын растаймы
Кадрлар бөлімінің менгерушісі

мерзімі «18» мамыр 2026 жыл



(Handwritten signature)

А.Б. Бижанов

(Handwritten signature)

Ш.Б. Амзеева